

Жылыой аудандық мәслихат депутаттығына № 6 сайлау округі бойынша кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 493 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 09 қазанда № 2782 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 582 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 13.11.2014 № 582 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабы 6 тармағы негізінде және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Жылыой аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Жылыой ауданы № 6 сайлау округі бойынша Жылыой аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. "Жылыой ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне осы қаулының Жылыой ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы Ә. Шәкіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ж. Ахметов

К е л і с і л д і :

Жылыой аудандық аумақтық сайлау

комиссиясының төрайымы

З. Қалмұханова

24.09.2013 жыл

Жылыой

ауданы

әкімдігінің

2013

жылғы

24

қыркүйектегі

№ 493 қаулысына қосымша

**Жылыой аудандық мәслихат депутаттығына № 6 сайлау округі бойынша
кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орыны**

№	Елді мекен	Орналасатын жер
1	Құлсары қаласы	"№ 13 жалпы орта білім беретін мектеп" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдыңғы алаңындағы стенд

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК